



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

02.10.2023 г. № 124/1-О/Д

**«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы»
жұмысын ұйымдастыру,
қызметін жүзеге асыру туралы**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің төрағалығымен өткен кеңестің 2023 жылғы 4 қыркүйектегі №28 хаттамасының 2.4 тармағын, «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023-2024 оқу жылында №4 «Аружан» балабақшасында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» (әрі қарай Орталық) жұмысы ұйымдастырылсын.

2. Төмендегі функционалды міндеттермен қоса балабақшаның ішкі тәртібі бекітілсін:

2.1. Орталық қызметіне басшылық жасау және бақылау балабақша меңгерушісі Ж.Ш. Жагапароваға жүктелсін;

2.2. Әдіскер- Айсулу Мухамедовна Жапашеваға:

- ата-аналар, тәрбиеленушілер мен педагогтердің мониторингке қатысуын қамтамасыз ету;
- орталық аясында өтетін іс-шаралар кестесін жасап, бекіту.
- орталық қызметі туралы ақпаратты жоғары уәкілетті органдарға уақытылы жеткізу жүктелсін.

2.2. Шаруашылық меңгерушісі – Нургуль Каиржановна Каиржановаға:

- Орталық қызметін ұйымдастыруда оқу кабинеттерін педагогтерге бекіту, ата-аналармен іс-шара өтуі үшін қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету, техникалық қызметкерлердің жауапкершілігін күшейту, іс-шара өтуі барысында санитарлық-гигиеналық талаптар мен балабақшаға бөгде адамдардың кірмеуін қамтамасыз ету жүктелсін;

2.3. Педагог-психолог Г.С. Цыганашка ата-аналар арасында педагогикалық-психологиялық қолдау жүргізу, орталық қызмет жөнінде жаңа бағдарламалар енгізу, құрастыру, қамтамасыз ету жүктелсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

Ж. Жагапарова